

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

**«ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ЕКІНШІ
(АУДАНДЫҚ/ҚАЛАЛЫҚ) КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

__9__ сынып, __1__ тур

Жұмыс уақыты: 120 минут

I Оқылым бойынша ұпай саны – 40 балл

- 1.Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастыру. (10 балл)
- 2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзімен жауап жазу. (10 балл)
- 3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болатынын жазу (10 балл)
- 4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіру. (5 балл)
- 5. Мәтінге тақырып қою. (5 балл)

II Жазылым бойынша ұпай саны – 60 балл

- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (10 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (10 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (10 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (10 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл).

9-сынып тапсырмалары

Оқылым

Кітап оқу мәдениеті, жалпы кітап оқу – бала кезден қалыптасатын қасиет. Баланы кітапқа баулып, күнделікті төрт-бес бет оқуды әдетке айналдырған жөн. Бұл, ең алдымен, оның ата-анасы мен мұғаліміне тікелей байланысты. Мектеп қабырғасынан-ақ баланың «оқырман» боп қалыптасуына ықпал етеміз. Кітап ісін дамытуға үлес қосып жүрген ғалымдардың көмегімен түрлі жобалар да іске асырылады. Ресей мектеп кітапханаларында «Читающая мама – читающая нация» атты іс-шараны ұйымдастыру қолға алынған. Балалар, оның ішінде қыз бала анасын үлгі етіп өседі. Демек, ана балаға тікелей әсер етеді. Анасының кітап парақтап отырғанын көрген бала оған еліктейді. Кейін баланың өзі қызыға бастайды. Кітап оқитын халықты көрсеніз, ең әуелі сол елдің анасы кітап оқиды деп түсінген жөн. Ұлы Русьті билеген Иван Грозный грек елі арасындағы бейбітшілікті сақтап қалу үшін амалсыздан сол елдің қызына үйленбекші болады. Қыздың төркіні екі арба жүкпен аттандырады. Сөйтсе, қыздың әке-шешесі екі арбаның барлығына кітаптар тиеген. Гректен алған әйелінің арқасында Грозный кітапхана салдырып, оны келер ұрпаққа сақтаған. Бүгінде Патшаның игі ісінің арқасында Ресей Ұлттық кітапханасының қоры 25 млн.-ға жетіп, әлем бойынша Америкадан кейінгі ең үлкен кітапханалар қатарына енді. Бүгінде «ең көп оқитын» елдер қатарында Еуропа көш бастап тұр. Еуропа мен Америкада оқырмандардың жетпіс пайызы әйелдер қауымы екен.

Ардақ Әлімбетова

Оқылым тапсырмалары.

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз. (10 балл)

- А) Мектеп кітапханасында қандай іс-шаралар ұйымдастырылады?
- Ә) Патшаның игі ісінің нәтижесі қандай болды?
- Б) Баланы оқуға қалай үйретуге болады?
- В) Ананың бала тәрбиесіне ықпалы қандай?

2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап жазыңыз. (10 балл)

3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (10 балл)

4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (5 балл)

5. Мәтінге тақырып қойыңыз. (5 балл)

Оқылым бойынша ұпай саны – 40 балл

Жазылым.

Әдеби эссе тақырыптары

1. Атымды адам қойған соң...

2. Дала жануарларын аулаудың табиғатқа тигізер зияны.

3. Компьютерлік ойындардың оң және теріс жақтары.

4. ХХІ ғасыр - экологиялық мәселелер ғасыры.

5. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді.

Критерийлер:

- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (10 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (10 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (10 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (10 балл);
 - Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл).

Жазылым бойынша ұпай саны – 60 балл

Барлық ұпай саны – 100 балл